

➤ мүшелік жарнадан (ұйым мен бірлестік мүшелерінің еңбекке жарамдылары төлейтін міндетті жарна, ал оқушы мен ата-аналар өз еріктерімен төлеген жарнадан түскен қаржы);

➤ мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардан түскен қаржылай көмек.

Көптеген елдердегі қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстарға ғылыми-теориялық тұрғыда талдау жасау барысында түйгеніміз, қоғамдық ұйымдар оқушы-жастардың жеке тұлға ретінде дамуына, өз ойын еркін айта білуіне, отанын, елін, жерін сүйетін, қоғамдық қатынаста әртүрлі жағдайлардан шыға білуге баулитынын байқадық.

Жоғарыда патриоттық тәрбиеге талдау жасау барысында айқындағанмыз патриотизм мәселесіне тек мемлекеттік саясат тұрғысынан ғана қарамайды, әр адамның жекелей міндеті тұрғысынан қарастырылады деген пікір білдіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамдық идеологиялық бірлігінде. - Алматы:Қазақстан, 1993. – 33 б.
2. Васютин Ю.С. Военно-патриотическое воспитание: теория и опыт. – Москва, 1984. - С. 163.
3. Харламов И.Ф. Воспитание патриотизма и культура межнационального отношения //В кн.: Педагогика Учебное пособие. -3-е изд, перераб.и доп. – М., 2002. – 517 с.
4. А.Тайжанов., А.Түсіпқалиев. Zkgma.kz/ru.indeks. М.Оспанов атындағы БҚММ «Патриоттық тәрбие - отаншылдық кепілі» 26 шілде 2012жыл.

Кулейменов А.Ж., п.ғ.м., аға оқытушы

Бекболат Ж., студент

Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

Зекенов Ж.К., АӘЖТД мұғалімі

М.Жұмабаев атындағы гимназия, Қарағанды қ.

Оспанов Ж.Ж., АӘЖТД мұғалімі

ЖББ № 16 мектеп, Қарағанды қ.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ӘСКЕРИ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация: Мақалада бүгінгі өскелең ұрпақты Отан сүйгіштікке тәрбиелеуде патриоттық тәрбиенің ерекшеліктері туралы сөз қозғалады. Жастардың бойындағы ұлттық патриотизмді дамытуды қазіргі көзқарас пен ұлтжандылыққа, елжандылыққа сыйғызуға болады. Әр жас ұрпақтың бойында өз Отанына, еліне деген патриоттық тәрбиенің маңыздылығы жоғары болуы керек. Ол адамның өз Отанын күшті де айбынды етіп, гүлдендіруге ұмтылуымен сипатталады, қандай да бір қастандық әрекеттерден Отанын қорғауға дайын болуын білдіреді.

Кілт сөздер: Патриоттық, тәрбие, Отан, патриотизм, сана, сезім, ұлтжандылық, батылдық.

Kuleimenov A. Zh., master of pedagogics sciences

Bekbolat Zh., Student

Karaganda Buketov University

Zekenov Zh.K., basic military training teacher

Gymnasium named after M. Zhumabayev, Karaganda

Ospanov Zh.Zh., basic military training teacher

General education No. 16 school, Karaganda

THE IMPORTANCE OF EDUCATING HIGH SCHOOL STUDENTS IN MILITARY PATRIOTISM

Annotation: The article will focus on the features of patriotic education in the patriotic education of the younger generation today. The development of national patriotism among young people can be combined with a modern approach and nationalism. Every younger generation should have a high importance of patriotic education for their homeland, for their country. It is characterized by a person's desire to make his Homeland strong and majestic and prosperous, expresses his readiness to defend the Fatherland from any attempts.

Keywords: Patriotism, upbringing, Homeland, patriotism, consciousness, feelings, nationality, courage.

Егеменді Қазақстанның болашағы, тағдыры жастардың қолында. Сондықтан жастарымыз білімді де тәрбиелі, жан-жақты дамыған азамат болып қалыптасу керек. Кез келген азамат өзінің елі мен жері үшін жанын берер патриот болуы керек. Ең мықты мемлекет болу үшін жастардың бойында шынайы патриотизмді қалыптастыруға үлкен күш жұмсауымыз қажет.

Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Демек, жас ұрпақтың бойында ұлттық патриотизммен бірге Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру ерекше маңызға ие. Қазақстанның әрбір азаматы ұлты мен дініне қарамай татулық пен бірліктің туын жоғары көтере білсе – патриотизмнің негізі сол болмақ

Бүгінгі өскелең ұрпақты Отан сүйгіштікке тәрбиелеуде ұлттық сана қажет. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талаптанумен сінеді. Патриоттық сана сезімнің нысаны мен қайнар көзі Отан десек, оның мазмұны туған жер, ұлттық тіл, ұлттық дәстүр, олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық және туысқандық сезімдерін ұялатып, ізгі ерлік істер қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы десек болады.

Жастардың бойындағы ұлттық патриотизмді дамытуды қазіргі көзқараспен ұлтжандылыққа, елжандылыққа сыйғызуға болады. Мектеп оқушыларының бойындағы патриоттық сезім және сүйіспеншілік сезім Отанға қызмет көрсетуден басталады. Халқымыздың патриот ұлы Б.Момышұлы: «Біздің тарихымыз-батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық, ерлік ұрпақтан-ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық» - деп айтып кеткен [1, 34].

Мектеп оқушыларының Отанға деген сезімін оятуда патриоттық тәрбиенің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны – байлықтары, тілі, дәстүрі, тарихи ескерткіштері, туған өлкедегі киелі орындары. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдері ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы.

Патриотизм – адамдардың өз Отанына деген сүйіспеншілігі мен адалдығын көрсететін сезім. Ол адамның өз Отанын күшті де айбынды етіп, гүлдендіруге ұмтылуымен сипатталады, қандай да бір қастандық әрекеттерден Отаныш қорғауға дайын болуын білдіреді.

Патриотизм сезімі – өз халқының әлеуметтік, мәдени жеңістері үшін мақтану, оның жауынгерлік және еңбек дәстүрлеріне ұқыптылықпен қарау. Патриотизм, сондай-ақ туған жерге, ата-бабасы жатқан жерге құштарлық сияқты терең перзенттік махаббатты да білдіреді. Патриотизмнің мәнін түсіндіргенде, әрқашан оның негізінде халықтың өз Отанына деген махаббаты мен адалдығы жатқанын ұмытпау керек. Қазіргі жағдайда республиканың әр азаматының Отанның қауіпсіздігі, Қазақстан халқының бақыты мен гүлденуі оның қорғаныс қуатының күшеюіне, біздің әскери ұйымның нығаюына байланысты екенін түсінуінің маңызы зор. Қазір патриот болу дегеніміз – республиканың экономикалық, қорғаныстық әлеуетін тынбай нығайту, оны кез келген сыртқы қастандықтан қорғауға дайын болу, әскери міндетке жауапкершілікпен қарау деген сөз. Патриотизм мен жауға деген жек көрушілік барлық заманда адамдардың жауынгерлік күресте соғыс пен қажырлы еңбекте жаппай ерлік көрсетудің таусылмас қайнар көзі болды [2,21].

Қазіргі жауынгер үшін патриот болу дегеніміз – өзінің білімі мен мүмкіндігін, бар күшін Республиканың Қарулы Күштерінің жауынгерлік қуатын нығайтуға жұмсау мен қашанда оны қорғау үшін жауынгерлік дайындықта болу. Жауынгердің патриотизмі, сонымен қатар оның өз бөлімшеге деген сүйіспеншілігінен, бөлімнің жауынгерлік туына, кеменің жалауына адалдығынан, оларды ұрыста табандылықпен қорғауға дайындығынан, халықтың, жауынгерлік дәстүрлеріне адалдығынан, өздерінің күнделікті еңбегі мен данқты ерліктері арқылы біздің қаруымыздың жауынгерлік даңқын арттырудан да көрінеді.

Әр жас ұрпақтың бойында өз Отанына, еліне деген алғашқы сезім болады. Осы сезімнің, сүйіспеншіліктің дамуына оның алған тәрбиесінің, өскен ортасының әсері ерекше екенін білеміз. Бұл жерде мұғалімнің атқарар міндеті өте зор. Күнделікті күйбелең тіршіліктің соңында жүрген ата-ананың бүгінгі күні бала бойында патриоттық сезімді қалыптастырудан гөрі ойлайтыны баласының қарнының тоқтығы мен көйлегінің көктігі. Міне, осы салғырттықтың соңы жастар арасында қылмыстың көбеюі, нашақорлыққа құмар болуы, тағы сол сияқты келеңсіз оқиғалардың белең болуына әкелді.

Ата-аналар балаларын – болашақ Отан қорғаушыларды өз міндеттерін өтеуге де жібергісі келмейді. Осыдан келіп, «Патриоттарды кім және қалай тәрбиелейді?» деген сұрақ туады. Елдің ертеңін ойлар, тәуелсіз елдің тірегі болар патриоттарды тәрбиелейтін орда – мектеп. Ал мектептің жүрегі – мұғалім. Бүгінгі қоғам мұғалімнен үлкен қажырлы еңбекті талап етеді. Ұстаз – қасиетті мамандық. Мұғалім мамандығы басқаларға қарағанда, халықтың тағдырымен байланысты, ол жеке тұлғаны әлеуметтендіруге жауапты.

Мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің жиелі жүруі мұғалімге тікелей байланысты. Әр мұғалім елімізге сай азаматтарды тәрбиелеуде, Азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге және Отансүйгіштік сезімін дамыту, ұлттық салт-дәстүрді ұстану мен мемлекет рәміздеріне құрмет қалыптастыру, және тағы басқа тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Білім беру жүйесінің басты міндеттерін үнемі жадында ұстағаны жөн. Қазақстанда тұратын әр түрлі ұлт өкілдерінің балаларын қазақ елін өзінің туғанындай сыйлап, тілін құрметтеп, шын жүрегімен сүйе білуге тәрбиелеуде де мұғалімдер басшылығы ерекше екенін байқаймыз. «Міндетті түрде адам тәрбиелеуді, алдымен, оны белгілі елдің азаматы етіп, сол ұлттың, қоғамның талабына сәйкес тәрбиелеуге міндеттеу қажет [3, 56].

Қазақстан мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің өткені мен дәл бүгінгі таңдағы жай-күйін зерттеу барысында оның әдісі, тәсілі мен формаларының сан алуан болғанына және оларды бүгінгі таң жағдайына бейімдеп, қолданудың мүмкіндігі мол екеніне көзіміз жетті. Бірақ оның мазмұны кеңес дәуірінде сол кездегі идеялогияға қызмет еткендіктен, сынар жақты болғаны да айқындала түседі, өйткені онда ұлттық патриотизм ескерілмей қалған. Сол себепті «ұлттық патриотизм», «ұлттық сана» деген секілді аса маңызды ұғымдар көп жағдайда терең зерделенбеген [4, 78].

Қазақстан жағдайында осындай бір топ мәселенің басынан ашып алмай тұрып патриоттық тәрбиені дұрыс жолға қою мүмкін емес екені анықталды. Республикамыз бір саяси құрылымнан екіншісіне ауысып, басқару жүйесі жаңа сападағы қарым – қатынасқа бет бұрған өтпелі кезеңде мектептегі тәрбие жұмыстары дағдарысқа ұшырағаны белгілі. Бұндай жағдайда замана ағымына қарата пайда болған тың ұғымдарды айқындап, оларға анықтама беру қажеттігі туындайды. Өйткені, ұғымдар арқылы оқушылар санасында білім қалыптасып, ол өз кезегінде оның іс-әрекетіне бағыт береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әлімбаев Б. Мектеп оқушыларының әрқайсысының отан қорғауға дайындық сапасын қалыптастыру. //Әдістемелік журнал: «Алғашқы әскери дайындық». №6, Алматы. 2003. - 34-36 б.
2. Көкебаева А.К. Қазіргі мектептегі патриоттық тәрбие беру мәселелері. «М.Әуезов – жаңа дәуір данышпаны» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері. Шымкент. 2007.

3. Айтықов Ә. Оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу. Алматы.: Мектеп, 1997.
4. Жұматаева Е. Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Автореф. пед. ғылымдарының канд. (13.00.01.). Алматы, 1993.

Кулейменов А.Ж., п.ғ.м., аға оқытушы
Иманбетов А.Н., п.ғ.к., қауым.профессор
Бөкетов Қарағанды университеті
Искаков Ұ.М., дене шынықтыру мұғалімі
Б. Момышұлы атындағы орта мектеп, Қарағанды қ.
Есентаев Н.Т., АӘЖТД мұғалімі
Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицей, Қарағанды қ.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРҒА БАУЛУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация: Мақалада ұлттық ойындардың адамға тигізетін пайдасы туралы айтылған. Ұлттық қозғалмалы ойындарына алдын-ала белгіленген мазмұны бар, ойнау кезінде белгіленген тәртіпті сақтауға негізделген. Ұлттық ойындар – салауатты өмір салтын мұрат тұтқан арманшыл, елі мен жерінің қамын ойлайтын, ұлтқа тән барлық қасиетті қадір тұтатын, дара тұлға – жаңа адамды тәрбиелеп шығарудың маңызды құралы.

Кілт сөздер: Теңге алу, Қыз куу, Көкпар, Бәйге, Асық ойыны, Аламан бәйге, Аударыспақ, Хан талапай, Төрт асық.

Kuleimenov A.Zh., master of pedagogics sciences
Imanbetov A.N., candidate of pedagogical sciences, associate professor
Karaganda Buketov University
Iskakov U.M., physical education teacher
Secondary school named after B. Momysuly, Karaganda
Esentaev N.T., basic military training teacher
School-lyceum named after I. Altynsarin, Karaganda

THE EFFECTIVENESS OF INTRODUCING STUDENTS TO NATIONAL GAMES THROUGH PHYSICAL EDUCATION LESSONS

Annotation: The article tells about the benefits of national games for humans. National outdoor games have pre-determined content based on the observance of the established order during the game. National games are an important tool for educating a new person—a dreamer who cares about his country and land, who possesses all the sacred dignity inherent in the nation.

Keywords: Tenge alu, kyz kuu, kokpar, baiga, assik igi, Alaman baiga, audarispak, Khan talapai, four Asyks.

Еліміздің егемендік алуы Қазақстандағы дене шынықтыру, ұлттық ойындар мәселесіне басқаша сын көзбен қарауды талап етуде. Осы орайда соңғы жылдары біздің қарастырып отырған ізденіс тақырыбымызға орай бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді. Дене шынықтыру пәнінің теориялық дәлелдемесін қазақтың ұлттық ойындарының тәжірибелік жағымен біртұтас алып қарайды. Сонымен, қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы - оның шығу, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінінде деп негіздеме береді [1,128].